



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары, «Nur Otan» партиясы  
фракциясының мүшелері  
Б.Қ. Тілеуханға  
Ә.М. Әбсеметоваға**

*2021 жылғы 14 сәуірдегі  
шығ. № ДС-139 хатқа*

### **Құрметті Депутаттар!**

Қосалқы репродуктивтік әдістер туралы сіздің депутаттық сауалын қарап, мынаны хабарлайын.

1995 жылдан бастап Қазақстанда 85 000-ға жуық ерлі-зайыпты қосалқы репродуктивтік технологиялар әдістерімен емделді. Қазіргі уақытта елде 27 экстракорпоралдық ұрықтандыру (бұдан әрі - ЭКҰ) орталығы жұмыс істейді. Осы ЭКҰ бағдарламасын орындайтын медицина орталықтарында жеке донорлар базасы бар. Бір медицина орталығындағы донорлар базасына тіркелген жыныстық жасуша доноры, екінші медицина орталығының базасына тіркелуге құқығы жоқ. Қазіргі таңда орталықтандырылған донорлар базасын құру туралы мәселе арнайы мамандардың арасында талқыланып, осы бағытта қажетті іс-шаралар жүргізу қолға алынуда.

«Жыныстық жасушалардың, репродуктивтік ағзалар тіндерінің донорлығын жүргізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Денсаулық сақтау министрінің (2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-236/2020) бұйрығының 1-тарауында бір донордан 10 жыныстық жасуша алынғаннан кейін азамат донорлар базасынан шығарылатындығы айтылған.

25 жылдың ішінде ЭКҰ бағдарламасымен 24 000 нәресте, сондай-ақ 100 жыныстық жасуша донорынан 120 нәресте дүниеге келген. Ол ЭКҰ-мен дүниеге келген жалпы бала санының 0,5% құрайды. Сонымен қатар, елімізде бедеулігі бар жұптардың басым көпшілігі донорлық ЭКҰ бағдарламасын жүргізу үшін донор ретінде туыстарының жыныстық жасушасын пайдалануды қалайды.

Алдағы уақытта, нормативтік құқықтық актілерді актуалдандыру барысында айтылған ұсыныстар ескерілетін болады.

**Е. Тоғжанов**

Орын: Г.Е. Құспекова 750002